



**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ
Әдістеме – библиография бөлімі**

Тарих ғылымының тамыршысы

**/Тарих ғылымдарының докторы, академик, жазушы
Қойшығара Салғараұлы 85 жаста/**

Библиографиялық көрсеткіш



**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі»ММ**

Әдістеме – библиография бөлімі

Тарих ғылымының тамыршысы

***/Тарих ғылымдарының докторы, академик, жазушы
Қойшығара Салғараұлы 85 жаста/***

Библиографиялық көрсеткіш

Арқалық – 2024

ӘОЖ 011
КБЖ 91

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын

Тарих ғылымының тамыршысы [Мәтін] тарих ғылымының докторы, академик, жазушы Қойшығара Салғараұлының 85 жас толуына арналған) : Библиографиялық көрсеткіш /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 44 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі тарих ғылымының докторы, академик, жазушы Қойшығара Салғараұлының 85 жас толуына арнап библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіште жазушы Қойшығара Салғараұлының өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

Құрастырушыдан

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме – библиография бөлімі жазушы, ғалым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қойшығара Салғараұлының туғанына 85 жас мерейтойына арнап **«Тарих ғылымының тамыршысы»** атты библиографиялық көрсеткіш әзірледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Күлтегін сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым әрі жазушы Қойшығара Салғараұлы өзінің керемет туындыларымен қазақ халқының алғысына бөленіп жүрген үлкен жүректі азамат.

Қазақ тарихын зерттеуші ретінде Қойшығара Салғараұлы 1997 жылдан бастап ҚР Президентінің тікелей тапсырысымен Қытай Халық Республикасында ғылыми шығармашылық іс сапарда болады. Қытайда тұратын білімді қазақ азаматтары мен қытай тарихшыларының көмегімен жұмыс істеудің арқасында Қ. Салғараұлы біздің тарихшыларымыз осыған дейін еуропалық, ресейлік, кеңестік зерттеушілер ұсынып келген деректерді түпнұсқасымен деректермен салыстырып, тексере алды, тарихта орныққан тұжырымдардың біразын түбегейлі қайта пайымдаудың қажет ететіндігін анықтады, бұған дейін өзінің айтып келген кейбір жаңсақ ұйғарымдарын түзетті.

Қойшығара Салғараұлы егемен ел тұрғындарының ұлттық санасын тарихи таным арқылы ояту жолында өнімді еңбек етіп жүрген қаламгер.

...Библиографиялық көрсеткіште «Тарих көмбесін тарақтаған» және «Елінің еңбек торысы» атты бөлімдерде жазушының өмірбаяны, еңбек жолы және ол кісі туралы қазақтың ақын – жазушыларының жылы лебіздері берілген. Сонымен қатар, Қ.Салғараұлының шығармалар тізімі, ол туралы және мерзімді басылым беттерінде жарық көрген жарияланымдары, жазушының арнау- өлеңдері, тағылымы мол шығармалары мен жазушы өмірінен фотосуреттер берілген. Басылымның соңғы бетінде көмекші құрал ретінде есімдердің алфавиттік көрсеткіштері берілген.

Библиографиялық құрал әдебиетшілерге, ғалым – зерттеушілерге, студенттерге, кітапхана қызметкерлеріне, жазушының еңбектерімен тереңірек танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Тарих көмбесін тарақтаған



Белгілі қазақ жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қойшығара Салғараұлы 1939 жылы сәуірдің бірінші жұлдызында Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Көкалат ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын шопандықтан бастаған ол 1959 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне түсіп, оны бітірген соң «Ауыл өмірі» газетінде тілші болып орналасады.

1964 – 1975 жылдары Қойшығара Салғараұлы Қостанай, Торғай облыстық телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі комитетінің қазақ редакциясында аға редакторы қызметтерін атқарады. Журналистика саласында өзіндік тың идеялармен көріне бастаған Қойшығара Салғараұлын республикалық аға газет «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің басшылығы қызметке шақырады. Алғашқыда ол тілші, әдеби қызметкер бола жүріп, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. Белгілі қазақ жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қойшығара Салғараұлы 1939 жылы сәуірдің бірінші жұлдызында Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Көкалат ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын шопандықтан бастаған ол 1959 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне түсіп, оны бітірген соң «Ауыл өмірі» газетінде тілші болып орналасады. Қойшығара Салғараұлы қазақтың өткен тарихымен айналысуға бет бұра бастайды. Осы мақсатпен 1990 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына жұмысқа ауысады. Мұнда ол қайтадан ғылым мекемесіне тән жұмыс сатыларынан өтеді. Институттың ғылыми кеңесінде «Абайдың тарихи көзқарастары және оның әдеби қайнарлары» атты тақырыпта филология ғылымдарының кандидаттығына диссертация қорғайды. 1993 – 1997 жылдары аралығында Қойшығара Салғараұлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының консультанты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің хатшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің консультанты болып жұмыс істейді. Қазақ тарихын зерттеуші ретінде Қойшығара Салғараұлы 1997

жылдан бастап ҚР Президентінің тікелей тапсырысымен Қытай Халық Республикасында ғылыми шығармашылық іс сапарда болады.

Қойшығара Салғараұлы халқымыздың шығу тегіне ізденген сайын тереңдей еніп, бірыңғай осы салада еңбектеніп келе жатқан тарихшы жазушы. О бастағы мамандығы журналист, келе - келе көңіл қалауы – тарих, онда да талайдың тісі бата бермейтін өте көне заман тарихы, әуесқойдан кәсіпқойға айналған ғалым. Қ.Салғараұлының бағзы замандар туралы ізденісінің бастауы – 1986 жылы шыққан алғашқы кітабы «Алтын тамыр» роман – эссесінен басталады. «Көмбе» (1989), «Хандар кестесі» (1992), «Қазақтың қилы тарихы» (1992), «Қазақтар» (1995), 2 томдық «Қазақ қазақ болғанға дейін» және «Қазақ қазақ болғаннан кейін» (1998), «Ойлан, қазақ» (2000), «Түрік әлемі» (2000), «Байырғы түріктер баяны» (2005), «Түріктер» (2007), «Ұлы қағанат» (2008), «Елдік негіздері» (2009) күрделі де терең зерттеу, тыңнан ой толғау кітаптары ұлтымыздың мақтанышына айналған жазушының ұлылығын көрсеткен үлкен дүниелер. Бұлардың сыртында мерзімді баспасөздерге мақалалары мен сұхбаттары бірінен кейін бірі жарияланып жатты. Бұлар қазақ тарих ғылымына қосылған сүбелі үлес еді.

Олардан басқа жазушының көркем әңгіме, повестерінің жинақтары тағы бар.

Жазушы – тарихшы Қ. Салғараұлына «Қазақтар» кітабы үшін 1996 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы, 2009 жылы түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық берілді.

«Халқымыздың шығу тегін зерттеп ізденіп жүрсіз, жағдай жасайық» деген Елбасының тікелей тапсырмасымен Қытай еліне барып, бұған дейін қазақ зерттеушілерінің қолы жете қоймаған көне мұрағаттарын ақтарды. Берілген мүмкіндікті пайдаланып, уақытпен санаспай, қажымай – талмай еңбектену нәтижесінде біржарым жылдың ішінде «Сиуңну», «Дуңху.Гаучы», «Түріктер. Жыужандар», «100 құжат», «Таным тармақтары», «Анықтамалық» деген бірнеше кітап жарық көрді. Бұлар жалпы түркология саласына, оның ішінде Қазақстанда тарих ғылымына қосылған елеулі еңбек екендігі сөзсіз. Қашанда зиялы азамат – елдің құты, ұлттың ұяты. Осындай ұғымға толық жауап беретін, қазақтың тусырап жатқан тың тарихына түрен салып, бірнеше кітап жазған қабырғалы қаламгер, ғибратты ғалым - Қойшығара ағамыз бүгінгі күні сеңгірлі сексен жасқа толып отыр.

Қарымды қалың оқырман қауымға аты кең танымал осы бір ұлтжанды азаматтың шығармашылығына шабыт пен жетістік, деніне саулық тілей отырып, одан әлі де болашақта осындай ел мен халықтың игілігіне жарайтын туындыларды күтеміз.

Қ. Салғараұлының шығармалары:

1. Қазына [Мәтін] : ой-толғамдар, мақалалар / Салғараұлы Қ. – Алматы : Қаратау ҚБ, 2017. – 384 б.
2. Өмірбаян туған күннен басталады [Мәтін] : [ой- толғамдар] / Салғараұлы Қ. – Астана : Фолиант, 2017. – 480 б.
3. Қайратқызы, Ә. Қыз өссе - елдің көркі [Мәтін] : [12 жастан асқан бойжеткен аруларға арналған] / Қайратқызы Ә., : алғы сөзін жазған Қ. Салғараұлы. – Алматы : Жалын, 2015. – 136 б.
4. Дүйсенбек Ә. Көкжиек [Мәтін] : әңгімелер мен повестер / Дүйсенбек Ә.; алғы сөз. жазғ.: Қ. Салғараұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 368 б.
5. Салғараұлы Қ. Ежелгі түріктер [Мәтін] / Салғараұлы Қ. – Астана : Фолиант, 2012. – 376 б.
6. Алаштың Ақселеуі [Мәтін] : [тағылымға толы өмірі мен шығармашылығы туралы] / құраст. : П. Өтепова ; алғысөз жазғандар : Қ. Салғараұлы, Ә. Кекілбайұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 440 б.
7. Ойлан, қазақ! [Мәтін] / Салғараұлы Қ. – Астана : Фолиант, 2009. – 184 б.
8. Ұлы дала [Мәтін] / Салғараұлы Қ. – Астана : Фолиант, 2013. – 520 б.
9. Ұлы қағанат [Мәтін] / Салғараұлы Қ. – Астана : Фолиант, 2008. – 552 б.
10. Сол бір күндер [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / Салғараұлы Қ. – Астана : Атамұра, 2003. – 320 б.
11. Елтұтка : Ел тарихының әйгілі тұлғалары [Мәтін] : оқу құралы / М. Жолдасбекұлы, К. Салғараұлы, А. Сейдімбек. – Астана : Күлтегін, 2001. – 357 б.:
12. Түрік әлемі [Мәтін] : тарихты қайта пайымдау / Салғараұлы Қ. - Астана : Елорда, 2000. – 478 б.
13. Ертеңі бар ел боламыз десек... [Мәтін] / Қ. Салғараұлы. – Астана : Елорда, 2000. – 64 б.
14. Дуйху. Гаучы [Мәтін] : Қытайдың көне жазба деректерінен / Салғараұлы Қ. – Алматы : Санат, 1999. – 256 б.
15. Түріктер. Жыужандар [Мәтін] / Салғараұлы Қ. – Алматы : Санат, 1999. – 314 б.
16. Сиуңну [Мәтін] : "Хан кітабынан" көне қытай жазбаларынан / ауд. алғы сөзін түзген және құраст.: Қ. Салғараұлы. – Алматы : Санат, 1998. – 288 б.
17. Таным тармақтары [Мәтін] : Қытай тарихшыларының көне тарихымыз жөніндегі пайымдаулары) / құраст.: Қ. Салғараұлы. – Алматы : Санат, 1998. – 275 б.

- 18.Қазақтар [Мәтін] : роман-эссе / Салғараұлы Қ.; ред.: Б.Хабдина. – Алматы : Өнер, 1995. – 352 б.
- 19.Шақшақ Жәнібек батыр [Мәтін] / құраст.: С. Шүкірұлы, Қ. Салғарин, Ахметбекұлы. – Алматы : Отау, 1993. – 152 б.;
- 20.Қазақтың қилы тарихы [Мәтін] : роман-эссе / Салғараұлы - Алматы : Жалын, 1992. – 304 б.
- 21.Көмбе [Мәтін] : роман-эссе / Салғарин Қ. - Алматы: Жалын, 1989. – 448 б.
- 22.Алтын тамыр [Мәтін] : роман-эссе / Салғарин Қ. – Алматы : Жалын, 1986. – 288 б.
- 23.Тоғысқан тағдырлар [Мәтін] : повестер мен әңгімелер / Салғарин Қ. - Алматы : Жалын, 1984. – 168 б.
24. Үбедей [Мәтін] : ертегі-повесть / Салғарин Қ. – Алматы : Жалын, 1981. – 96 б.
- 25.Дос, жолдас, бауыр [Мәтін] / құраст.: Қ. Салғарин. – Алматы : Қайнар, 1979. – 120 б.
- 26.Соқпақ жолға бастайды [Мәтін] : повесть пен әңгімелер / Салғарин Қ. – Алматы : Жалын, 1979. –160 б.
- 27.Естай Есжанов [Мәтін] : очерк / Салғарин Қ, - Алматы : Жазушы, 1972. – 30 б.
- 28.Жаныңда жүр жақсы жан [Мәтін] Салғарин Қ. – Алматы : Қайнар, 1972. –128 б.

Мерзімді басылымдағы жарияланымдары:

2019

29. Ел білуге тиіс елеулі күндер [Мәтін] : [2019 жылғы атаулы күндер] / Октябрь Арман // Егемен Қазақстан. – 2019. – 1 қаңтар. – Б. 5.
30. Салғараұлы, Қойшығара. Бәріміз бір қазақтың баласымыз [Мәтін] : [жазушы, ғалым Қойшығара Салғараұлымен сұхбат] / Салғараұлы Қ; сұхбаттасқан Азамат Есенжол // Егемен Қазақстан. – 2018. – 26 қараша. – Б. 5.

2018

31. Салғараұлы, Қойшығара. Түп-тамырымызды жете танудың жолы [Мәтін] : [Елбасы мақаласын қолдау] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 26 қараша. – Б. 5.
32. Алматы, Орекен. Торғайда туған төрт "Ноян" [Мәтін] : [Торғай өңірінің тұлғалары] / Орекен Алматы // Біздің Торғай. – 2018. – 17 сәуір. – Б. 3.
33. Ленинді көрген қазақ - Әлімхан Ермековтен алған сұхбаты жарыққа шықпай қалды [Мәтін] : [ғалым Ақселеу Сейдімбек туралы жазушы Қойшығара Салғараның сұхбаты] / Салғара Қ; сұхбаттасқан Сандуғаш Түсен // Аңыз адам. – 2018. – № 22 . – Б. 11.

2017

34. Туған жерін түлеткен. [Мәтін] : [Қостанай обл. әкімі А. Мұхамбетов Тобыл-Торғай өңірінен шыққан белгілі азаматтардың басын қосты] // Қостанай таңы. – 2017. – 8 тамыз. – Б. 3.
35. Салғараұлы, Қойшығара. Ана аманатына адалдық [Мәтін] : [белгілі түріктанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлы туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17 мамыр. – Б. 7.

2016

36. Салғараұлы, Қойшығара. Ортақ тарихтағы олқылықтар [Мәтін] : [тарихи мәселелер туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Мәдени мұра. 2016. – № 1. – Б. 41–47.

2015

37. Салғараұлы, Қойшығара. Лайықты баға беретін кез келді [Мәтін] : [желтоқсан оқиғасы туралы] / Тоқтар Әубәкіров, Ғаділбек Шалахметов, Ғани Қалиев, Қойшығара Салғараұлы // Жас Алаш. – 2015. – 15 желтоқсан. – Б. 3.

38.Салғараұлы, Қойшығара. Қобыландынікі делінетін алты мазар бар [Мәтін] : [Қобыланды батыр туралы тарихшы Қойшығара Салғараұлымен сұхбат] / Қойшығара Салғараұлы; Салғараұлы Қ; сұхбаттасқан Марфуға Шапиян // Аңыз адам. – 2015. – № 19. – Б. 17–20.

39.Салғараұлы, Қойшығара. Бала тәрбиесі [Мәтін] : [бала тәрбиесіне қатысты ойлар] / Қойшығара Салғараұлы // Қазақстан әйелдері. 2015. – № 9. – Б. 12–14.

2014

40.Салғарин, Қойшығара. Ұйқасқа түскен ойлар [Мәтін] : [жазушының ой толғамы] / Қойшығара Салғарин // Қостанай таңы. – 2014. – 16 шілде. – Б. 4.

41.Омашұлы, Намазалы. Қойшығара - Қойшан аға [Мәтін] : [жазушы Салғараұлы туралы] / Намазалы Омашұлы // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 18-24 сәуір. – Б. 7.

2010

42.Салғараұлы, Қойшығара. Олар зиялылар қауымынан еді [Мәтін] : ["Еңбек" колхозы басқармасының төрағасы Ерназар Досмағамбетұлы туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Ақиқат. – 2010. – № 1. – Б. 66–69.

2009

43.Салғараұлы, Қойшығара. Сан өнердің сарбазы [Мәтін] : [сатирик ақын С. Кенжеахметұлы туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 10 қаңтар. – Б. 3.

2008

44.Салғараұлы, Қойшығара. Үздік үлгі [Мәтін] : [жазушы, ғалым Жұмағали Ысмағұлов туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 15 сәуір. – Б. 5.

45.Салғараұлы, Қойшығара. Дәуірдің дара тұлғасы [Мәтін] : [Астана асқақтығы - мемлекеттің мерейі] / Қойшығара Салғараұлы // Астана. – 2008. – № 3. – Б. 6–9.

2007

46.Салғараұлы, Қойшығара. Жүрегіне қаламын сүйеген [Мәтін] : [профессор Мырзатай Жолдасбеков туралы] / Қойшығара Салғараұлы. А.Сейдімбек // Егемен Қазақстан. – 2007. – 26 мамыр. – Б. 5.

47.Салғараұлы, Қойшығара. Ұлт мәдениеті мен тұрмысының энциклопедиясы [Мәтін] : [жазушы Сейіт Кенжеахметовтың соңғы туындылары туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 6 қаңтар. – Б. 6.

2005

48. Салғараұлы, Қойшығара. Даланың ақын перзенті [Мәтін] : [айтыскер ақын Әлпия Орманшина туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 8 сәуір. – Б. 4.

2004

49. Салғараұлы, Қойшығара. Жарқын күн жақын болғай [Мәтін] : [халық ақыны Н. Ахметбековтың 100 жылдығында сөйлеген сөзі] / Қойшығара Салғараұлы // Қостанай таңы. – 2004. – 4 ақпан. – Б. 4.
50. Салғараұлы, Қойшығара. Парыз [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Қостанай таңы. – 2004. – 3 ақпан. – Б. 4.

2003

51. Салғараұлы, Қойшығара. Бата, пәтуа бір болғай [Мәтін] : [ақын Н.Ахметбековтың 100 жыл толуына арналған жиын туралы] / Салғараұлы Қойшығара // Торғай. – 2003. – 7 қараша. – Б. 4
52. Салғараұлы, Қойшығара. Қателік - деректе емес, тарихшыларда [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының "Алтын тамыр" кітабы туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қаңтар. – Б. 9.

2001

53. Салғараұлы, Қойшығара. Халықтың тамыры – дәстүрі [Мәтін] : [ұлттық дәстүр туралы] / Қойшығара / Салғараұлы / Егемен Қазақстан. – 2001. – 13 қаңтар. – Б. 4.

2000

54. Салғараұлы, Қойшығара. Беймәлім бекзаттық [Мәтін] : [ежелгі халықтар туралы танымдық дерек] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 2000. – 25 шілде. – Б. 6.

1996

55. Салғараұлы, Қойшығара. Ақиқаттың ақ жолы [Мәтін] : [тарих туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Парасат. – 1996. – №11. – Б. 14–18.

1995

56. Салғараұлы, Қойшығара. Қазақтың түбі қайдан шыққан? [Мәтін] : [Ұлы ақын Абайдың қазақ халқының шығу тегі туралы зерттеулер жайлы] / Қойшығара Салғараұлы // Ана тілі. – 1995. – 10 тамыз. – Б. 5.
57. Салғараұлы, Қойшығара. Сиыну. Абайтану [өлеңдер] / Қойшығара Салғараұлы // Егемен Қазақстан. – 1995. – 2 тамыз. – Б. 6.

1993

58. Салғараұлы, Қойшығара. Мысыр елінде [Қ.Р. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Араб Республикасына сапары] / Қойшығара Салғараұлы // Халық кеңесі. – 1993. – 17 маусым. – Б. 6.

1992

59. Илияс, Б. Алтын көпір [Мәтін] : [Қ.Салғарин шығармалары жайында] / Б. Илияс // Торғай таңы. – 1992. – 28 қараша. – Б. 3.

1991

60. Салғарин, Қойшығара. Қазақ шежіресі [Мәтін] : [зерттеу- баян] / Қойшығара Салғарин // Жұлдыз. – 1991. – № 9. – Б. 3.; №10. – Б. 58.; № 11. – Б. 95.

1979

61. Салғарин, Қойшығара. Балауса бақыт [Мәтін] : [повесть] / Қойшығара Салғарин // Торғай таңы. – 1979. – 14,19,20,21 сәуір. – Б. 4.

Ол туралы

62. Байділдин, Шөптібай. Қытайға сапар [Мәтін] / Шөптібай Байділдин // Қостанай таңы. – 2016. – 19 қаңтар. – Б. 7.
63. Серікбаев, Нағашыбай. Шыңғыс хан қазақ па? [Мәтін] / Нағашыбай Серікбаев // Қостанай таңы. – 2016. – 19 қаңтар. – Б. 8.
64. Сейітжанов, Керімжан. Тегін білу – тектілік [Мәтін] : [Қойшығара Салғараұлының жаңа кітабы туралы] / Керімжан Сейітжанов, Сағынғали Әбубәкіров // Егемен Қазақстан. – 2015. – 26 тамыз. – Б. 12.
65. Қазақы қалпын сақтаған ауылда өстім [Мәтін] : [Торғайлық жазушы, ғалым Қойшығара Салғараұлымен сұхбат] / Салғараұлы Қ; сұхбаттасқан Нәзира Байырбек // Жұлдыздар отбасы. – 2015. – № 17. – Б. 32–36.
66. Омашұлы, Намазалы. Қойшығара - Қойшан аға [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Намазалы Омашұлы // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 18–24 сәуір. – Б. 7.
67. Ысымұлы, Ақайдар. Түріктер тарихын жаңаша пайымдау / Ақайдар Ысымұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 1 қараша. – Б. 4 ; 5 қараша. – Б. 6 ; 6 қараша. – Б. 9 ; 8 қараша. – Б. 6. Ақиқат. – 2013. – № 9. – Б. 43–56.
68. Сейдімбек , А. Ұлттық идея [Мәтін]: тарихи тағдыры мен болашағы / А. Сейдімбек , Х. Әбжанов , Қ. Салғараұлы - Астана: Фолиант, 2012. – 248 б.
69. Омарұлы, Б. Жүректің көзі [Мәтін] : [сұхбаттар] / Б. Омарұлы – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2011. – 320 б.
70. Оспанұлы, Серікбай. Қ. Салғараұлы шығармаларындағы ұлттық сана және мәңгүрттік [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлының өлеңдері туралы] / Серікбай Оспанұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 2. – Б. 194–196.
71. Мешітбаев, Нұрболат. Барымызды үстеп, жоғымызды түстеген дәстүрлік конференция [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының еңбектері туралы] / Нұрболат Мешітбаев // Жас өркен Қостанай. – 2010. - № 1. – Б. 2.
72. Нысанбаев, Әбдімәлік. Қазақтың ауызша тарихы - тарихи сана айғағы [Мәтін] : [жазушы Ақселеу Сейдімбектің "Қазақтың ауызша тарихы" атты кітабы туралы] / Әбдімәлік Нысанбаев // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 3 сәуір. – Б. 7.
73. Атабаев, Қамбар. " Ұлы Қағанат ," «Ізденіс пен Бұлқыныс» [Мәтін] : [Қ. Салғараұлының " Ұлы Қағанат" кітабы туралы] / Қамбар Атабаев //

- Ана тілі. – 2009. – № 26 – Б. 8.
74. Оспанұлы, Серікбай. Өзіміз өзгермесек, өмір де өзгермейді [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлының шығармаларындағы ұлттық сана және мәңгүрттік мәселесі] / Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 15 шілде. – Б. 4.
75. Атабаев, Қамбар. "Ұлы Қағанат"; "Ізденіс пен Бұлқыныс"[Мәтін]: [жазушы Қ. Салғараұлының еңбектері туралы] / Қамбар Атабаев // Ана тілі. – 2009. – 2 шілде. – Б. 4.
76. Жұртбай, Тұрсын. Елінің еңбек торысы [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Тұрсын Жұртбай // Егемен Қазақстан. – 2009. – 23 мамыр. – Б. 4.
77. Кекілбайұлы, Әбіш. Пәтуа [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Әбіш Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 23 мамыр. – Б. 4.
78. Қуанышбай, Қ. Төл тарихымыздың жоқшысы [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Қ. Қуанышбай // Айқын. – 2009. – 21 мамыр. – Б. 8.
79. Ғабжалилов, Х. Ұлы даланың арымас абызы [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Х. Ғабжалилов // Айқын. – 2009. – 19 мамыр. – Б. 4.
80. Ысмағұлов, Жұмағали. Қойшы мен ойшы туралы сөз: [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Жұмағали Ысмағұлов // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 15 мамыр. – Б. 4.
81. Нысанбаев, Әбдімәлік. Қазақтың ауызша тарихы - тарихи сана айғағы [Мәтін] : [жазушы Ақселеу Сейдімбектің "Қазақтың ауызша тарихы" атты кітабы туралы] / Әбдімәлік Нысанбаев // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 3 сәуір. – Б. 7.
82. Тарих қойнауымен сыр тартқан [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлының еңбектері туралы] // Біздің Торғай. – 2009. – 3 сәуір. – Б. 5.
83. Сүйінов, Есенгелді. Тарихқа жол тапқан [Мәтін] : [Қойшығара Салғараұлымен сұхбат] / Есенгелді Сүйінов // Жаңа Сарыарқа. – 2007. – № 1. – Б. 31–35.
84. Теңізбай, Аққұм. "Алтын тамырдан" қол үзбе[Мәтін] : [жазушының "Алтын тамыр" кітабы туралы] / Аққұм Теңізбай // Нұр - Астана. – 2008. – 9-16 сәуір. – Б. 8.
85. Тұрашұлы, О. Бәйтерек бұтақтары. Қыпшақ шежіресі [Мәтін] : [бірінші кітап] / О. Тұрашұлы; алғы сөз жазғ.: Қ. Салғараұлы, С. Кенжеахметұлы. – Астана, 2005. – 400 б.

86. Сейдімбек, Ақселеу. Көшпелі өмір салтының сүт кенжесі : [жазушы Қойшығара Салғараұлы туралы] / Ақселеу Сейдімбек // Жас Алаш. – 2000. – 6 қаңтар. – Б. 3.
87. Абдуллин, Әмірхан. Тарих көмбесін тарақтаған [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғариннің трилогиясы жайлы] / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 1999. – 7 желтоқсан. – Б. 4.
88. Тарихи таным таразысы [Мәтін] : [сұхбат] // Халық кеңесі. – 1995. – 4 ақпан. – Б. 4.
89. Әлімбаев, Мұзафар. Тарихи трилогия тағылымы [Мәтін] : [жазушы Қ.Салғариннің «Көмбе», «Алтын тамыр» кітаптары жайлы] Мұзафар Әлімбаев // Егемен Қазақстан. – 1994. – 8 желтоқсан. – Б. 4.
90. Ырсай Т. Көмбеде жатқан алтын тамыр [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының кітаптары туралы] / Т. Ырсай // Өркен. – 1992. – 12 желтоқсан. – Б. 4.
91. Ахметбекұлы, К. Тарихтан – тағылым [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының кітаптары туралы] / К. Ахметбекұлы // Қазақстан мұғалімі. – 1992. – 4 желтоқсан. – Б. 4.
92. Есмолов, Т. Бас кейіпкер - тарих [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлының еңбектері жайлы] / Т. Есмолов // Ана тілі. – 1992. – 12 қараша. – Б. 3.
93. Жұртбаев, Тұрсын. Елінің еңбек торысы [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлы туралы] / Тұрсын Жұртбаев // Халық кеңесі. – 1992. – 24 қараша. – Б. 4.
94. Көкішев Т., Шортанбаев, Ш. Тарихтың тереңінен сыр тартқан [Мәтін] : [жазушы Қ.Салғараұлының шығармалары жайлы] / Т. Көкішев, Ш. Шортанбаев // Сұхбат. – 1992. – 17 қараша. – Б. 3.
95. Алпысбаев, Асқар. "Елді халық едім, елім қазір қайда?.." [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының "Көмбе" роман-эссесі туралы] / Асқар Алпысбаев // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 24 мамыр. – Б. 10.
96. Нұржекеев Б. Борышын өтеген азамат [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлы 60 жаста] / Б.Нұржекеев // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 31 наурыз. – Б. 4.
97. Шайман, Серік. Туған жер әуендері [Мәтін] : [жазушы Қ. Салғараұлының еңбектері туралы] / Серік Шайман // Торғай таңы. – 1979. – 16 қараша. – Б. 4.

Жазушы Қойшығара Салғараұлының арнау - өлеңдері

ТАҢ

Бейне аңшыдай сараптаған әр ізді,
Баяу жылжып келеді әне таң ізгі.
Ерке самал сипайды маң даланы,
Сынықшының шипа қолы тәрізді.

Асып – сасып, алды – артына қарамай,
Жұлдыздарын жасырыпты сараң Ай.
Әппақ – әппақ бояулармен Таң сұлу,
Көкжиекті бояп жатыр жағалай.

Түн түнегі тегеурінмен түрілді,
Қырда құстар қайталайды бір үнді.
Шар айнадай шағын көлдің жанынан,
Шопан үйі отарымен көрінді.

Көзін ашты сұлу шығыс боянған,
Жас сәбидей жаңа ғана оянған.
Қырат жоны бозаң тартып қазірде,
Қараңғылық кете алмай жүр ояңнан.

Қойшығара Салғарин.

ОЙЛАН, ҚАЗАҚ!

Қойшығара Салғарин.

Тұрлаусыз баққа төбеттердей үріп, таласқан,
Шенқұмарлардың шылауында жүріп адасқан
аңғал бабамның атынан;
Оқпаны кең отаршылардың ойранынан былғанған,
Төл перзенті төсінен тентіреп кетіп, тұл қалған
байтақ даламның атынан;
Серпуге тұяқ шамасы келмей, рухани құлдықтан,
Жоқтаусыз қалып, сұраусыз кеткен ашаршылық сұмдықтан
миллиондаған жамағатым атынан;

Мен бүгін
Бар даусыммен жар салам, бауырларым,
Тыңдаңдар,
Естір құлақ, есі бар қауым бәрің:
Бақырауық нардай басқа ұрғызып,
жүнделемін демесең;
Ездерменен егіз тұрғызып,
күнде өлемін демесең;
Қыран тірлікті басқаға қиып, бас шұлғып,
Ит тірлікте итшілеп жүріп
күн көремін демесең;
Далаңа бала,
Қалаңа пана
Болудан қалып біржола,
Намыссыз, тексіз,
Малмен мал боп,
Бірге өремін демесең
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!

Қатарыңа қара,
Өзгелер қайда, сен қайда?
Теңіз боп тасып,
Қасірет – қайғы – сеңді айда.
Үстінде - Арал тозаңы,
астында – Семей бомбасы,
касында – уран кеніші,
жүрмісің, айтшы кең жайда?!
Өзіңнен арнап,
Ұрпаққа қалар мұраң не?
Сараптап көрші,
Нең зиянда, нең пайда?
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!
Мүйіз шықса,
келдік қой талмай,
тайталасып, қырқысып;
Жіктеліп жүзге,
өзара жаға жыртысып.
Абайды сабап,
Ахметті қолдан
өзіміз ұстап, атқыздық,
бас болмақ болып,
аяқта жүріп тыртысып.
Не таптық содан?
Жем болдық жатқа жосықсыз;
Алауыздықтың аязы,
Арқамызды әлі тұр қысып.
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!

Болмасада бөгделерді
Бөтенсіп әсте қуғанын;
Есіктен еніп,
Төр менікі деп жатыр, әне, «туғаның».
Ұмытты бәрі,
Ұмытты бәрі,
Бір кезде сорлап келгенін;

Құшағыңда сенің,
баса алмай өксік,
көзінің жасы жауғанын.
Жал біткен жаман
Жеріңді даулап, желпініп жатыр, әнеки...
Тістедің бармақ,
өкініш – салмақ,
жаныңды тағы уладың.
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!

Бүгінді ойлап,
ертеңге бойлап,
егемендігіңді байыпта;
Табандылықпен талап етсең,
Тәуелсіздігіңді, халқым, айып па?!
Оян да сілкін,
Сілкін де сергі,
Халықтығыңды таңыт әлемге!
Тағдырың қазір
қал – құлт еткен
желқуық жайдақ қайықта.
Тарихыңды таны,
тағылымына соның құлақ түр;
Көне жұрт жатыр,
көз сүзіп сонау
Еділ менен Жайықта.
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!





Тілінен безген,
Дінінен безген,
Орысқолды о жар ұлың зор болып...
Өз балаңмен
өз тілінде
сөйлесе алмай қор болып;
Айырылып қап
ата – баба дәстүрінен, салтынан;
Жалпаң қақтық



жат дәстүрі
жақсы болып, жол болып.
Жақсың – жаман,
жүйрігің – шабан,
кері айналды дүние...
Нәтиже жоқ,
еңбегің еш,
төккен терің сор болып.
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!


Оңынан туып,
жайнасын десең,
жарқырап мәңгі бақ – айың,
Шынымен десең
тартысты қойып,
береке, бірлік табайын:
Шенқұмарлық пенен
көреалмаушылықтан безіп шық,
Елім деген
Ізгі оймен
Тазарып ішкі сарайың.
Ел бастаған ұлыңды танып,
Еру де үшін соңынан
Бірлік керек!
Білім керек!
Білік керек!
Ағайын!
Ойлан, қазақ,
Ойланатын күн туды!

(1987 жылы жазылып, 1991 жылы «Халық кеңесі» газетінің 7 сәуірдегі
№ 67(103) санында жарық көрген)

Жазушының тағылымы мол туындылары








"Алтын көмбенің ақиқаты"

Жолшығары Сағатқызылы 88 жаста



**Қ. Салғараұлының шығармалары мен ол туралы
баспасөз беттерінде жарияланған
материалдардың электрондық жиынтығы**

Ол туралы лебіздер



«...Жазушы Қойшығара әңгіменің әлқиссасын сонау біздің дәуірімізге дейінгі Ү ғасырдан бастап – кешегі моңғол шапқыншылығына дейін созып, тарихи желі тартып, тұтас жүйе жасаған. Ата текті танытудың тура жолы осыШынайы тарих осындай қасиетке ие. Қойшығараның тағы бір қыры – бүкіл бүгінге дейінгі халықтық атаулардың атаулық мағынасын, сөздік этимологиясын анықтап, осы өңірде өмір сүрген халықтардың шығу тегін, біртектілігін тайға таңба басқандай анықтап бергендігі. Сондай – ақ, кытай жазбаларындағы жекелеген тарихи тұлғалардың белгісіз ия бұрмаланған аттарын, басқа

деректермен салыстыра отырып, өз болжам – түйіндерін ұсына отырып, анықтап берген. Осыған дейін көпшілік әдебиеттегі былық –шылығы көп, қайсысына сенеріңді білмей қайран қалдыратын ақиқат бетінің ашылуы – қазақ тарихының жаңа беті».

**М. Әлімбаев,
Қазақстанның халық жазушысы.**



«...Қойшығара Салғариннің көзі көреген, тілі майда, қолға түскенді сыпыртып іле салмай салмақтап алады. Сол арқылы оқырманға тың ой тастап, өзіндік қолтаңба танытады».


**Серік Шайман,
журналист, жазушы.**



«Біздің Қойшыкең толық мағынасындағы жақсы адам. Қойшыкең үлкенді ардақтап, кішіні әлпештей алады, досқа адал, туысқа бауырмал, уәдені құдай аты деп біледі, ел мен жерді кие тұтады, бар қабілет – қарымын тек жақсылықтың жолына жұмсайды, ең бастысы – адалдықтың бәйгесіне атын қосып, озса да олжалы болып отыратын адам. Мұндай адамды қалайша жақсы демессің? Бәлкім, өмірдің бағасын арттырып, тіршілікке іңкәр еткізіп қоятын құдыретіңіз осы Қойшығара сияқты жақсы адамдардың жанымызда жүргендігінен болар ».

**Ақселеу Сейдімбек,
жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым,**

филология ғылымының докторы, профессор.



«Қойшығара Салғараұлы егемен ел тұрғындарының ұлттық санасын тарихи таным арқылы ояту жолында өнімді еңбек етіп жүрген қаламгер. Тарихи танымы мол туындыларды оқушылары дер кезінде қолына алып, ел тарихымен молынан, жүйелі сусындады.

Қойшығара Салғараұлы –біздің жерлесіміз, Қоғабай Сәрсекеев, Төлен Әбдіковтер туған Торғайдың Көкалат ауылының тумасы. Тарих көмбесін тарақтап, таным дүниесін кеңейтуге қалам тербеп жүрген қаламгерді бүгінде бүтін халқы құрметтейді,елі біледі. Жерлестері де ғалым жазушы атымен мақтанамыз, марқаямыз».

*Әмірхан Абдуллин,
журналист-жазушы.*

Елінің еңбек торысы



Еңбек Ері қазақта аз емес, ал еңбекқор жазушы көп деп айта алмаймын. Соның бірі және бірегейі Қойшығара Салғараұлы. Ағамыздың еңбектері дер кезінде құрметке ілініп те, ілінбей де жүрді. Ол кісінің сатиралық және прозалық көркем шығармалары әдеби сынның назарынан мүлдем ұмытылып, өмірбаяндық дерек боп қалды. Алайда, қазақ халқының жолайырықта тұрған қазіргі сәтіндегі ең керекті рухани қайнардың бірі – «Алтын тамыр» мен «Көмбе», «Қазақтар», «Түрк әлемі», «Ұлы қағанат» сияқты «Хандар шежіресі», яғни, халықтық тарих. Бұл еңбектер орындалуы мен ғылыми лайымдауы жағынан үлкен талапқа молынан қаусыра жауап бере алады.Ең бастысы, үлкен де, кіші де өзінің көне

тарихын және сол қадым заманғы көшпелілер туралы кімнің не деп бағалағанын біле отырып, өзінше ой түюге мүмкіндік алады. Мұның өзі оқырманға да, жазушыға да оңай олжа емес.

«Ұлы қағанат» - жазушының отыз жыл бойы жазып келе жатқан ел тарихы туралы еңбектерінде тарқатылған тарихи көркем ойының заңды қорытындысы, жазушының шығармашылық өмірінің түйінді тұжырымы, еліне берген есебі, нағыз халықтық сыпатта жазылған кітап. Өйткені, мұнда жазушының барлық ақыл – ой парасаты, тарихи толғамы, білімі мен баяндау қабілеті, қаламгерлігі мен ғалымдығы, шежірешілігі мен шеберлігі тоғысын тапқан. Көлемімен емес, затымен халықтық кітап. Еркін игерілген тақырып еркін ойға, пікір алысуға жетелейді. Тіпті кей тұста қаламгердің өзімен шаужайласа кетуге шақырады. Бірақ қанша шалықтағанмен де жауапты тағы да айналып кеп осы кітаптан табасың. Ұзын сарыны таныс, Қойшы – аға жазғанда бейтаныс боп көрінген тарихи шежірелерді бір айға жуық астын сызып тұрып оқып шыққанда алған әсерім осындай. Сонда несімен өзіне тартты?

Әрине затымен. Жанры ерекше, тарихи деректерді көркемдік тәсіл арқылы баяндаған шығарманың тұжырымынан ғылыми негізді талап етуге бола ма? «Алтын тамыр», «Көмбе», «Түрк әлемі», «Ұлы қағанат», «Қазақтың қилы тағдыры» сияқты тарихи көркем әфсаналарға ондай сұрақтың қойылуы заңды және оған барынша байыпты көзқараспен жауап береді. Бұл шығармаларда жалпы түркі жұртының, соның бір бұтағы қазақ халқының 15 ғасырлық көш жолы қамтылады. Әрине, исі түркі жұртына ортақ шежіреден қыл суырғандай етіп алаштың тамырын ажырату оңай емес. Оның үстіне көшпелілер тарихы туралы пікірлерді сан – саққа жүгіртіп, қасақана шатыстырумен «шұғылданатын» ғылыми бағыттар еуропашылдықтың тұсында іргелене қалыптасты. Олардың тарихи шындықты жалған шындықпен көмкеріп тастағаны сондай, қазір скифтер мен сақтарды, хұндарды иран тілдес(ал ондай тіл жоқ, парсы тілі мүлдем басқа тіл жүйесі) деп, олардың түп тамырын Иерусалимге тартатындар табылды. Ол аздай скифтер мен хұндарды (ақ хұндарды) славян тегіне жатқызған В.Чивилихиннің «Жад» кітабына кезінде Мемлекеттік сыйлық берілді. Менің ойымша, осы «Жадқа» қарсы тиянақты жауап берген және оқиғаны көркем таратып, жұртымыздың көзін жеткізген әрі көркем, әрі ғылыми әфсананың авторы – Қойшығара Салғараұлы. Мұндағы ғылыми тұжырымдар ұшқыр да соны, пайымы қарапайым да салмақты.

Қойшығара Салғараұлы әдебиетшілердің арасында – тарихшының, тарихшылардың арасында – әдебиетшінің міндетін атқарған. Көркем шығарма үшін бір ауыз сөздің өзі бір шығармаға арқау болады. Ал «Алтын

тамыр» мен «Көмбеде», «Ұлы қағанатта» әр сөздің астарынан тарихи деректің лебі білінеді. Көне қытай тіліндегі екі таңбаның арасында адасып қалатын қытайтанушы ғалымдарды, соның ішінде ғалым қытайдың өзін талай көрдік. Ал Қойшы – ағаң болса соның әр сөзінің астарын түсіндіріп, көркем қиялдың қуатымен синологтың өзіне үйлесімді баяндайды. Бұл тәсілді таңдап алуының себебі – жазғаным оқырманымға түсінікті болсын, өз тарихын тереңірек білсін дегеннен туған ізгі ниет.

...Зады, жазушы ретінде Қойшығара Салғараұлы қара тері алынып қана қойған қаламгер емес, терінің соры сыртына ақ көбік боп шыққан, бейнеттен зейнет жасаған тұлға. Ол ақалан азапқа салып, сол азаптан жан рахатын табуға құштар. Елі үшін не пайдалы болса соған тәуекел ете біледі. Ия, ол нағыз «елінің еңбек торысы». Сондықтан да Қойшы – ағаға айтар лебіз: еңбегі жанып, елінің тарихтағы өшкен ізін аршып, кеткен есесін қайыра берсін деп тілеймін.

***Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
жазушы, филология ғылымдарының докторы.***

Жазушы жайында мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар

Қойшығара - Қойшан аға



Қазақстан Республикасының Тарихи Ескерткіштері

Қойшығара - Қойшан аға. Бұл еңбектің авторы... (The text is very faint and difficult to read in detail, but it appears to be the beginning of an article or a preface.)

Қойшығара - Қойшан аға. Бұл еңбектің авторы... (This block contains the first part of the text on the right page, which is also very faint.)

Тарих комбесін тарақтаған

Тарих комбесін тарақтаған. Бұл еңбектің авторы... (This block contains the second part of the text on the right page, including the title 'Тарих комбесін тарақтаған'.)


Тарақтаған

• Мәңгілік Ел

Қазақстанның тарихи мәні мен маңызын білу тектілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелейді. Тарих білімі ұлттың өзінің қандай жолмен өзінің тәуелсіздігін сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді.

ТЕГІН БІЛУ ТЕКТІЛІК

Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді.



Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді.

12
Т.а. Шарғарап 24 қаңтардан 1999 жыл

Тарих және тағдыр Ұлыстық ұл-қыздары

Ақпараттық жүйелеріне көз жеткізіңіз





Тарих және тағдыр ұлыстық ұл-қыздарының өмірін, қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді.

ТАРИХИ ТРИАДАҒЫЯ
ТАҒЫМЫ

Тарихи триадағы тағымдарының мәні мен маңызын білу тектілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелейді. Тарих білімі ұлттың өзінің қандай жолмен өзінің тәуелсіздігін сақтағанын білуге мүмкіндік береді. Тарих білімі адамның өзінің қандай елде өмір сүргенін, қандай мәдениетті қандай дәстүрмен сақтағанын білуге мүмкіндік береді.

Жазушы Қ. Салғараұлы туралы жазылған әдебиеттер



Жазушы өмірінен фотосуреттер





Қ.Салғараұлы





Шығармашылық кездесулерде





Достарымен бірге







Оқу залының ұйымдастыруымен өткен жазушы Қ.Салғараұлының 80 жылдық мерейтой кешінен

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші



1. Алмат ,О. – 32
2. Атабаев, Қ. – 73-75
3. Абдуллуин, Ә. – 87
4. Ахметбекұлы, К. – 91
5. Алпысбаев, А. – 95
6. Әлімбаев, М. – 89
7. Байділдин, Ш. – 62
8. Ғабжалилов, Х. – 79
9. Есмолов, Т. – 92
10. Жұртбай, Т. – 76, 93
11. Илияс, Б. - 59
12. Кекілбайұлы, Әбіш – 77
13. Көкішев, Т. – 94
14. Қуанышбай, Қ. – 78
15. Мешітбаев, Н. – 71
16. Нысанбаев, Ә. – 72, 81
17. Нұржекеев, Б. – 96
18. Омашұлы, Н. – 41, 66
19. Омарұлы, Б. – 69
20. Оспанұлы, С. – 70
21. Салғараұлы, Қ. – 1-28, 30-31, 35-40, 42-58, 60-61
22. Серікбаев, Н. – 63
23. Сейітжанов, К. – 64
24. Сейдімбек, А. – 68
25. Сүйінов, Е. – 83
26. Сейдімбек, А. – 86
27. Теңізбай, А. – 84
28. Тұрашұлы, О. – 85
29. Шайман, С. - 97
30. Ысымұлы, А. – 67
31. Ысмағұлов, Ж. – 80
32. Ырсай, Т. – 90

1. Құрастырушыдан.....	5
2. Тарих көмбесін тарақтаған.....	6-7
3. Қ. Салғараұлының шығармалары.....	8-9
4. Мерзімді басылымдағы жарияланымдары.....	10-13
5. Ол туралы.....	14-16
6. Жазушы Қ.Салғараұлының арнау – өлеңдері.....	17-21
7. Жазушының тағылымы мол туындылары.....	22-25
8. Ол туралы лебіздер.....	26-29
9. Жазушы жайында мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар.....	30-31
10. Жазушы Қ. Салғарин туралы жазылған әдебиеттер.....	32
11. Жазушы өмірінен фотосуреттер.....	33-37
12. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	39



Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 03.04.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлемі 0,4



Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru